ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 28 қыркүйек № 4360-23-00-2/2044 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
« Нұрбану Тұрарбекқызы Омарова» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Нұрбану Тұрарбекқызы Омарова» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Нұрбану Тұрарбекқызы Омарова» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер « Нұрбану Тұрарбекқызы Омарова» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 30.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 10.11.2023, судья Әбілқайысқызы А., 10.11.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство